# Құттықтаймыз!

## 60 жас

Жусупов Гизат Умирович, 03 мамыр, ТҚЕж/еҚОҚД, қызмет бастығы
Канатбаев Нурым Джантураевич, 08 мамыр,ҰБж/еКЖБ, ұңғымаларды бұрғылау және жөндеу жөніндегі инженер
Калдыбаев Бахтыгерей, 23 мамыр,САж/еМТҚД, қойма меңгерушісі
Надирбеков Дусберген, 25 мамыр, ЖСҚж/еКУ, су құбыры - кәріз желілерін қараушы
Умирзаков Василий Турарбекович, 28 мамыр, ҚҚ, күзетші

## 55 жас

Рскалиева Мая Кличбаевна, 01 мамыр, МАж/еӨЦ, тауар операторы
Шаханова Рабига Есетжановна, 05 мамыр, МГӨЦ-1, мұнай және газ өндіру жөніндегі ауысым инженері
Байтлеуова Биби Тенеладиевна, 15 мамыр, ТҮПЦ, аула сыпырушы
Хомутова Ольга Вадимовна, 23 мамыр, ААТж/еБД, 1-ші санатты бағдарламшы-инженер
Казтурганова Алма Бектурлиевна, 26 мамыр, ӨД, жылыту қазанының 4-ші дәрежелі операторы

## 50 жас

Мурынгулова Санияш, 10 мамыр, ӘМж/еӘДД, өндіріс және қызмет жайларын жинаушы
Рысмамбетов Кайрат Кенжатаевич, 14 мамыр, ТҮПЦ, 4-ші дәрежелі ағаш шебері
Исмаков Арыкбай Арыстанбаевич, 19 мамыр, ҚҚД, ғимараттарды кешенді жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі 4-ші дәрежелі жұмысшы
Кенгенов Молдабек Тулесинович, 24 мамыр, МГӨЦ-4, 5-ші дәрежелі слесарь-жөндеуші
Килибаев Муратхан Коджамханович, 27 мамыр, МӨГЦ-2, мұнай және газ өндіру жөніндегі ауысым инженері
Әбдіғали Қайрат Ержанұлы, 29 мамыр, ҚҚ, аға инспектор



Жаңа кітап жарыққа шықты

## «70 ЖЫЛ ЖЕЛБІРЕЙДІ ЖЕҢІС ТУЫ»

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына арналып, соғыс жылдарындағы мұнайшылардың жанқиярлық ерлігі мен ерен еңбегін паш ететін, қазақ және орыс тілдерінде шыққан бұл кітапты «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ демеушілігімен Н.Ә.Марабаев атындағы «Мұнайшы» Қоғамдық қоры шығарған.

Бүкіл майданға қажетті мұнай, оқ-дәрі, азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз еткен тыл еңбеккерлерінің ішіндегі «қара алтын» өндірушілердің еңбегі ғажап екені даусыз. Кітап полиграфиялық көркем безендірілген, соғыс жылдарындағы майдан газеттерінің көшірмелері, ескі фотосуреттер, сарғайған құжаттар, мемлекеттік наградалармен марапатталған мұнайшылардың тізімдері кітаптың құндылығын арттыра түскен. Редакциялық алқа мүшесінің бірі- қордың облысымыздағы үйлестірушісі Киікбай Рзаханов. Бір сөзбен айтқанда кітапта мұнай исі аңқып тұр.

**А.Оспанұлы**

# Арақ барлық жамандықтың бастауы


Махамбетова Г.Б.


Салманова А.О.


Дәукеева Ж.С.


Битанова К.Б.


Айтбаева А.Т.


Каргаликова Ж.Д.


Абдирова Д.М.

Атам қазақ арақ-шараптан ақыл да, пайда да, абыройда, қайырымды мінез-құлық та, адамгершілік те күтпе дейді. Бірақ бұл ұстанымға жете мән бермейтін қандастарымыз да көбейіп келеді, әсіресе бүгінгі таңда бұл індет әйел адамдар арасында белең алып тұр. Соның бір дәлелі, ағымдағы жылдың 25 сәуірінде «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Тұрғын үй пайдалану цехының 2-разрядты жатақхана күтушілері – Махамбетова Г.Б., Битанова К.Б., Салманова А.О., Каргаликова Ж.Д., Айтбаева А.Т. және өндірістік департаментінің қызмет орындарын жинаушысы Дәукеева Ж.С., вахталық кентте спирт ішімдіктерін ішіп отырған жерлерінен Қауіпсіздік қызметінің қызметкерлеріне ұсталады. Бұлардың жанында «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ тұрғын үй-пайдалану цехы ақжайма кептіру қондырғысының 2-ші дәрежелі аппаратшысы Абдирова Д.М. да болған, ол орын алған жағымсыз оқиғалар туралы басшыларды хабардар етпей, еңбек шартындағы қағидаларды бұзуға да ат салысқан.



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Ішкі тәртіп ережелері мен Еңбек шартындағы нормаларға мүлдем қайшы келетін бұндай жағдайлар орын алғанда негізінен жұмыстан босату жазасы қолданылады. Бірақ, Қоғам басшылары аталмыш қызметкерлердің отбасы, бала-шағаларының жағдайларын есепке ала отырып, бір жолға кешірім беруге ұйғарды. Оларға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасының Бұйрығы бойынша қатаң сөгіс жарияланып, 2015 жылдың II, III және IV тоқсандарындағы жұмыс қорытындысы бойынша және жалпы 2015 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы төлемеуді ұйғарды. Ал, Д.М.Абдироваға 2015 жылдың екінші тоқсанындағы жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы төленбеу туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар, аталған тәртіп бұзушылар ӘМжӘДД қоғамдық тамақпен қамсыздандыру бөліміне 2-дәрежелі асхана жұмысшылары мен өндіріс және қызмет орындарын жинаушы ретінде ауыстырылды.

Алдағы уақытта бұндай келеңсіздіктер басқаларға да үлкен сабақ болып, енді қайталанбайды деп үміттенеміз және тағы орын алған жағдайда қатаң шара қолданылатыны ескертіледі.

## Соғыс жайлы өлең жазғым келмейді!



*Зұлымдықтың зәрін төккен ғаламға,*
*Соғыс оты неге мәңгі сөнбейді!*
*Елім тыныш бейбітшілік заманда,*
*Соғыс жайлы өлең жазғым келмейді.*

*Қаншама арман, қаншама үміт үзілді,*
*Жердің бетін шайған кезде қызыл қан.*
*Аналардың түн ұйқысы бұзылды,*
*Қыр төсінде гүлдер қалды сыз ұрған.*

*Алай-дүлей күн тұрғанда құбылып,*
*Ажал келмей өлім таппас қайран жан.*
*Жүрегінде мың күдік пен бір үміт,*
*Келіншектер ерін күтті майданнан.*

*Жас сәбилер шырылдады бесіктен,*
*Оқ дауысы зәре құтын ұшырды.*
*Қара қағаз хабар айтып есіктен,*
*Шаңырақты ортасына түсірді.*

*Мұны ойласам мұң туындап санамда,*
*Көкіректі бір өкініш кернейді.*
*Шүкір Алла бейбітшілік заманда,*
*Соғыс жайлы өлең жазғым келмейді.*

*Сол бір жылдар қарамасын бұрылып,*
*Сұм соғыспен тоғыспасын жолымыз.*
*Азат күннің шуағына жылынып,*
*Тыныш болсын Қазақстан еліміз.*

*Е.О.Бекмұратов,*
*"ММГ" АҚ*
*Қауіпсіздік қызметі*




Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: А.Ақшаева, Е.Қонақбаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 212-194, 211-938.

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде терілініп, беттелді.

Индексі: 64265
Таралымы: 1500

"CASPIY PRINT" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 750750 Тапсырыс: 2409

# Жаңа басшы – жаңа белеске бағыт беруші



2015 жылғы 06 наурыз күні «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне директор болып Ибрагим Әбілұлы Жақсымбетов тағайындалды.

Ибрагим Әбілұлы 1954 жылы Атырау облысы Жылой ауданына қарасты Қосшағыл ауылында мұнайшы әулетінде дүниеге келген. Алматы қаласындағы Қазақ политехникалық институтын құрылысшы мамандығы бойынша тәмамдап, 1977 жылдан бастап Маңғыстау құрылыс тресінде жұмыс ұйымдастырушы, телім бастығы, жоспарлау-экономикалық бөлім бастығы қызметтерін атқарған Ибрагим осы салада өзінің табандылығы мен іскерлігін танытты.

1980 жылдын бастап «Мангышлакнефть» бірлестігінде қызмет атқарып, Комсомол, Жетібай мұнай кен орындарын жайластыру ісін табысты жүргізе отырып, күрделі құрылыс және жабдықтарды жиынтықтау бөлімінің бастығы, ЖМҚТ (СПМК) бастығы, 1985 жылы басқарма бастығының күрделі құрылыс жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарып, шыңдалған маман ретінде біліктілігін танытa білді.

1988 жылдан бастап «Маңғыстаумұнайгазқұрылыс» тресінде №4 Құрылыс басқармасының бастығы, көп ұзамай осы трест басшысының орынбасары болып тағайындалды. Ол тек қана осы саланы ғана емес, өндірістің басқа бөлімшелерін де өркендетіп дамытудың жолдарын табандылықпен жүзеге асырған басшы ретінде көрінді.

Кеңес үкіметі құлап, КСРО ыдырағаннан кейін жаңа нарық экономикасына көшкен кезде 1991 жылы «Өркен» атты мекеме ашып, 3 жыл бойы қыруар еңбек ете жүріп, 1996 жылы «Каспий аймақтық құрылыс басқармасы» АҚ президенті болып сайланғаннан кейін де басшылық қызметтерді қатар атқарды. Қандай қызмет атқарса да қызметкерлердің жүйелі еңбек етуін, бірте-бірте табысқа кенеліп, әл-ауқатын арттыруға қолынан келгенше жағдай жасады. Мекеменің «Өркен» аты біраз жылдан кейін «Бәйтерек» болып өзгерді және одан бірнеше еншілес мекеме өсіп-өрбіді.

Нарық экономикасы елімізде қанат жая қоймаған кезінде өндірісті алға бастырудың барлық тетіктерін болжай білген ол қазір білікті, қарымды басшылардың қатарында. Қолынан келгенше туған өңіріне көмектесіп, мұқтаж жандарға көмегін аяған емес. Бойында кез-келген саладағы іркілістер мен ілгерілеулерді алдын ала болжап білу қабілеті бар Ибрагим облыстағы бірқатар кәсіпорындар мен мекемелердің қаз тұрып, қалыптасуына барынша көмек қолын созды.

Жұбайы Зәуреш екеуі төрт бала өсіріп, олардан бірнеше немере сүйіп отырған жапырағын жайған үлгілі отбасы.

Құйқалы топырағының қыртысындағы қазына-байлығын халық қажетіне жарату ісіне бар саналы ғұмырын арнаған Ибрагим Әбілұлы Жақсымбетов іс тетігін табатын қажырлы тұлға екендігін таныта білген азамат.

Жарғақ құлағы жастыққа тимей ел қамы үшін қызмет істеп жүрген «ОСС» ЖШС директоры И.Жақсымбетовтің сөзіне де ісіне де мығым басшы ретінде жұмыс көзін тауып, тың күшпен жаңа белестердің биік шыңынан көріне беруіне тілектеспіз. Іске сәт, Ибрагим Әбілұлы!

**А. Есбосын,**
**«Oil Construction Company» ЖШС**

*Ұлы Жеңісті жақындатқандар*

# Тылдағы мылтықсыз майдан ардагері

Қазір тыл мен соғыс ардагерлерінің мәртебесі бірдей. Жауынгерлер де, тылдағы еңбеккерлер де жеңіс үшін қажеттің бәрін істеді. Қан майдан мен тылда бірдей жанкешті шайқас болатын. Жеңіс – бұл халықтың жаппай ерлігінің нәтижесі.

Сондай тылда еңбек еткен аталарымыздың бірі - Мұқаш Сүйінов, ол 1925 жылғы 6 сәуірде Түрікменстан жерінде туған. 1937 жылы әке-шешесінен бірдей айырылып, жетімдіктің азабын шеге жүріп, 1940 жылға дейін 5сыныптық білім ала алды. Бұғанасы қатпаған бала жастайынан жұмыс істеуге мәжбүр болды. Үкіметтің маңызды ауыл шаруашылық нысанында жұмыс істейтін жұмысшысы ретінде броньмен соғыс майданынан босатылып, 1942 жылдан 1945 жылға дейін «Равнина» кеңшарының №1 фермасында жұмысшы болып еңбек майданында қызмет етті. «Бәрі де Жеңіс үшін, бәрі де Отан үшін» деген ұранмен жанкешті еңбек еткен тылдағы жұмыс-шылардың өмірі ерлік деуге лайық. Соғыс зардабын шеккен елмен бірге аш құрсақ, жұтаң киіммен жүріп, қандай тапсырма берілсе де бұлжытпай орындап, темірдей тәртіппен соғыс жағдайында еңбек еткен Мұқаш ата соғыстан кейін ел қатарлы тұрмысын түзеп, балалы-шағалы болды. Алға қарай ұмтылысы, қажыр-қайратының, жаңа іс үйренуге деген ынтасының арқасында жаңа мамандықтар игеріп, табысты еңбек етті. Сол кездегі Бүкілодақтық алып құрылыстардың бірі Қарақұм каналында бетоншы-арматурашы қызметін атқарды. Одан кейін бульдозерші мамандығын да игерді.

1989 жылы атажұрт Маңғыстауға қоныс аударды. 1997 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Автомобиль жолдары басқармасында бульдозерші болып жұмыс істеп, 1997 жылы зейнеткерлікке шықты. Көп жылғы еңбегі ескерусіз қалған жоқ, жұмыс істеген қай кезеңде де Мақтау Грамотасы, ерен еңбегі үшін төсбелгілермен марапатталып отырды, Маңғыстау мұнайының 50 жылдығы құрметіне еңбек ардагері Мерейлі медальмен марапатталды.



Зайыбы Шолпан Машырықова екеуі 10 бала тәрбиелеп өсірген үлгілі отбасы. Ұлдары еңселі үй болып, қыздары өсіп-өнген қадірлі ақсақал бүгінде 90 жаста.

Атамызға мықты денсаулық, шаңырағыңызға шаттық пен береке, жаныңызға жылылық пен мейірім, алдағы өміріңізде тек игі жақсылықтар болып, қызықтағаныңыз бақыт болғай деп тілейміз!

**А. Есбосын**
**«Oil Construction Company» ЖШС**

# «Oil Services Company» ЖШС бұрғылау бригадасы

Көк жиекпен тірескен мұнаралардың алыстан көз тартып, өзгелерді таң қалдырары хақ. Кезінде қазақтың біртуар ақыны Төлеген Айбергеновтың Маңғыстау өңіріне келіп құм далада сағымданып көз тартып тұрған алып мұнараларға арнаған өлеңі баршаға аян.

*Қалайша мен, жаным-ау, тұра аламын,*
*Жүрегімнің сыңсытпай шынар әнін.*
*Табанымның астында қара дария*
*Тас төбемде тайгасы мұнараның.*

*Мұнаралар сыңсыған мұнаралар,*
*Бұрқыратып тереңнен бұлақ алар.*
*Болдың менің ойласам Маңғыстауды*
*Көз алдымда тізіліп тұра қалар.*



Сол мұнаралар бүгінде заман талабына сай жаңаланып ел игілігіне қызмет етіп келеді. Алып мұнаралар жанында бұрғылау жұмыстарын жүргізіп жүрген оқыған білімді жастардың жүруі таңқаларлық жағдай емес. Олар сонау жылдардағы мұнайшылардың ізбасарлары мен ұрпақтары.

Маңғыстау мұнайлы өлке. Бұрғылау жұмыстары мұнай өндіру саласындағы ірі өндіріс болып саналады. Мекеменің өткен тарихына көз жүгіртсек, көптеген шежірелі парақтардың куәсі боламыз. Маңғыстау мұнайының игерілуі, «қара алтынның» халық игілігіне жаратылуы оңайлықпен жүзеге асқан жоқ. Елсіз, жерсіз шөл далада орналасқан өңірдің мұнайын игеру жолында қаншама адамдар аянбай тер төкті. Өткен ғасырдың 50 жылдарының аяқ шенінен бастап Маңғыстау мұнайын игеруге нақты қадамдар қолға алынды.

1960-шы жылдарда осынау шөл далада мұнай іздеп бұрғылау жұмысын жүргізу мақсатында «Маңғыстау-мұнайгазбарлау» тресі құрылған болатын. Сол кездегі бұрғышылардың ерен еңбектерінің арқасында 1961 жылы ең бірінші Жетыбай кенорнының 6-шы ұңғысында мұнай бұрқағы атқылап, ел игілігіне берілсе, сол үрдіс бүгінгі таңда өз жалғасын тауып келеді.

«Oil Services Company» ЖШС бұрынғы ұңғыларды бұрғылау, жер асты жөндеу, күрделі жөндеу және химиялық жөндеу мекемелерінің топтамасы болып 2001 жылы Сервистік қызмет көрсету үшін құрылған болатын.

«OSC» ЖШС республикамыз бойынша Маңғыстаудың мұнай саласындағы ең ірі өндірістік мекемелердің бірі болып табылады. Серіктестік қарамағында 3604 адам еңбек етеді.

Жетыбай, Қаламқас өндіріс аймақтарында, мұнай өндіру мақсатында «Манғыстаумұнайгаз» АҚ белгілеген жоспарлары мен тапсырыстарын орындау жолында әр түрлі қызметтерді іске асыратын бөлімшелер мен бригадалар, ауа райының қолайсыздығына қарамастан, жылдың әр мезгілінде күндіз-түнгі вахталық әдіспен қызмет етеді.

Кезінде өзге ірі компанияларға жүгініп, солар ғана жасай алатын көлденең бұрғылау әдісін 2013 жылдан бері өзіміз игеріп, бүгінге дейін осы әдіспен 8 ұңғы қазылды. Сонымен қатар, өз ұжымымызда білікті бұрғышы мамандар дайындау мақсатында күрделі жөндеу бағытында жұмыс жасайтын қондырғыны жаңартып XJ-450 бұрғылау қондырғысы жасақталды. Сол жанартылған қондырғымен қазіргі таңда Нұржанов Асқар басқаратын бригада 560 метр тереңдікті қазып, 244,5 мм құбырын жіберіп, шегендеу жұмыстарын жасап, бұрғылау бригадасына алдын-ала дайындау жұмыстарын жүгізуде. 2013 жылы Серіктестік тарихында алғаш рет ұңғыларды көлденең қазу жұмыстары жүргізіліп, №4423 ұңғы талапқа сай, ойдағыдай тапсырылды. Жыл қорытындысы бойынша үздік жетістіктен кейін, 2014 жылы ұңғыларды көлденең қазу жұмыстары жалғасты.

Жоспар бойынша 2014 жылғы алға қойылған 49 ұңғының, 8-і ұңғыны көлденең қазу болса, бұл тапсырма жыл аяғында толықтай межесіне жетті.

**«OSC» ЖШС Ұңғыларды бұрғылау бойынша 2014 жылдың қорытынды көрсеткіштері:**

| № | Бөлім | Атауы | 2014ж. жоспары | 2014ж.нақты орындалуы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Барлығы | Ұңғылар саны | 85 | 92 |
| | | Ұңғылау метрі | 137247 | 142047 |
| 1.1 | «Қаламқас Сервис» ӨБ | Ұңғылар саны | 36 | 43 |
| | | Ұңғылау метрі | 32 400 | 38709 |
| 1.2 | «Жетыбай Сервис» ӨБ | Ұңғылар саны | 49 | 49 |
| | | Ұңғылау метрі | 104 847 | 103 338 |

Жетыбай кенорны бойынша 2015 жыл алға қойылған жоспар 52 ұңғы бұрғылап тапсыру болса, бүгінгі таңда барлық бригада бойынша 14 ұңғы тапсырылды.

Ұңғыларды бұрғылау бригадалары арасында «OSC» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты, жоғарғы көрсеткішпен озық келе жатқан Масалимовтың бригадасын айтуға болады. Ұжымда 34 жұмысшы, олардың ішінде аға шебер, әртүрлі дәрежелі бұрғышылар, бұрғышы көмекшілері, жөндеушілер, электромонтерлер вахталық әдіспен жеті күн сайын ауысып еңбек етеді. Масалимов бригадасы 2015 жылдың 4 айлық қорытындысы бойынша барлығы 4 ұңғы қазып, 8740 метр тереңдікті құрады.

Масалимов Жәнібек басқарған ұжым арасында көп жылдар еңбек етіп келе жатқан бұрғышылар да жетерлік. Солардың бірі 30 жылдан аса еңбек өтілі бар Хусеин Тариев, еңбек өтілі 25 жылдан асқан Утен Кушалиев пен Аскар Қайырлиев бүгінде жастардың тәлімгері болып келеді. Тәлімгерлер қатарында Өтемаганбетов Абыл, Пракатчук Володя және Тлесов Кайраттай тепсе темір үзер жігіттер жұмыс жоспарын орындауда бар жігер күш, білімдерін жұмсап келеді.

Осы бригаданы 2002 жылдан бері Масалимов Жәнібек басқарады. Тәжірибелі бригада басшысының арқасында бұл ұжым өздеріне артқан міндеттерді абыроймен орындап келеді.

Жалпы мамандар дайындайтын серіктестік жанынан оқу комбинаты жұмыс жасайды. Комбинат жұмысшылардың білім дәрежесін арттыруға, қазіргі заманға сай керекті құрал-жабдықтармен жасақталған.

Әрине мұнайшылардың алаңсыз жұмыс жасауына серіктестікте әлеуметтік жағдайлар толықтай жасалған. Әр қызметкерге демалуға арнайы бөлмелер, жуынатын орындар, төрт мезгіл ыстық тамақпен тамақтандыратын асхана талапқа сай қамтамасыз етілген.

Әрбір мұнайшының еңбектерін тәуелсіз Отанымыздың, өркениетті еліміздің экономикасын арттыруға қосып отырған үлесі деп мақтанышпен айта аламыз.

Еліміздің, Маңғыстаудай мұнайлы өлкенің, «OSC» серіктестігінің абыройын алға ұстап, қара алтын өндіру жолында, мұнайшыларымыздың алда талай асар асулары, алар биіктері көп.

**А. Алдабергенова,**
**"Oil Services Company" ЖШС**

# Наша История, Наша Память - Наши Ветераны

Победа в Великой Отечественной войне вот уже 70 лет никем не забыта. Разве можно такое забыть? Мы должны быть благодарны тем людям, которые свою жизнь отдали за победу, ведь иначе не было бы нашего сегодняшнего мира. Вспомним сегодня поименно наших ветеранов, прошедших тяжелый путь войны и посвятивших себя в послевоенное время развитию нашего предприятия.



**Савин Петр Григорьевич** родился 29.09.1922 года на ст.Титовка Пензенской области. Отец был репрессирован в 1936 году. В начале 1942 года ушел на фронт. Был на Курской дуге. Воевал в составе Украинского фронта. Прошел Украину, Будапешт, дошел до Австрии. Был в батальоне связи. Имел боевые (осколочные) ранения. После войны 2 года служил в Белоруссии. На Мангышлак переехал в 1964 году. Работал начальником участка связи при Производственном объединении «Казахстаннефть». После переименования участка связи в Контору связи ПОМН стал бригадиром, начальником линейногоучастка. Принимал непосредственное участие в строительстве, телефонизации старого здания АО «Мангистаумунайгаз», АО «КазНИПИ» и многих других объектов. Занимался прокладкой, обслуживанием кабельной сети микрорайонов города Жанаозен. Руководил аварийно-восстановительной бригадой, обслуживающей (при отсутствии автодорог) воздушную линию связи Шевченко-Жетыбай-Узень, которая была единственной магистралью, связывающей эти населенные пункты. Участвовал в монтаже первых АТС на различных участках Конторы связи. Был очень грамотным специалистом, примером для многих, имел много последователей. В числе его учеников Габдуллин Гали (начальник связи Казтранском), Алтаев Антон (энергетик УОП), Куантханов Аскер (ИП), Агиман Досан (бригадир ЛС Актау). В 1984 году вышел на заслуженный отдых. Вырастил 2 сыновей и 2 дочерей. Умер в 2001 году. Награжден: Орденом Трудового Красного Знамени, Орденом Великой Отечественной войны, медалью «За отвагу», «За боевые заслуги», медалью «За участие в героическом штурме и взятии Будапешта», медалью «За оборону Кавказа», медалью «За Победу над Германией в Великой Отечественной войне» и юбилейными медалями в честь Победы.



**Калханова Марфуга Каримовна** родилась 11.08.1928 в с.Жабрик Володарского района Астраханской области. Отец Карим был председателем колхоза, раскулачили. Во время войны работала на полевой почте. Самый большой объем переписки был между фронтовиками и их близкими, которые находились в тылу. Осуществляла доставку почты как на фронт, так и с передовой в тыл. Главной целью было доставить письма от родных солдатам в окопы любыми способами, рискуя жизнью. Работу свою полевая почта не прекращала, несмотря на голод, холод и постоянные обстрелы.Приходилось работать в жесточайших условиях. Именно новости из родного дома давали бойцам силы и дальше защищать свою Родину. Муж с января 1942 по 1945 год воевал на фронте, закончил войну в Праге. После войны осталась с 2 братьями и 2 сестрами на руках, без родителей. На Мангышлак переехала в 1976 году. С 1979 года работала в Конторе связи ПОМН. Была ответственным, исполнительным работником. В 1984 году вышла на заслуженный отдых. Награждена Юбилейной медалью «50 лет Победы в Великой Отечественной войне». Имеет 3 сыновей, 3 дочерей. Умерла в 2003 году.

**Баянова Мария Парамоновна** (1922г.р.) имеет награды: Медаль «За оборону Ленинграда», медаль «За доблестный труд в Великой Отечественной войне», знак «Житель блокадного Ленинграда» и юбилейные медали в честь Победы в Великой Отечественной войне.

**Денисов Василий Иванович** (1926г.р.) награжден Орденом Великой Отечественной войны 2 степени, медалью «За Победу над Германией в Великой Отечественной волне» и юбилейными медалями в честь Победы.

**Ж. Рысбекова,**
**ТОО "Мунайтелеком"**

# Внедрение новых технологий



ТОО «Мангистауэнергомунай» в регионе занимается технологическим обслуживанием электрических сетей АО «Мангистаумунайгаз» на месторождениях Каламкас и Жетыбай. В последнее время энергетики Казахстана переживают период активной модернизации. Этот процесс в полной мере охватил и электрические подстанции, на которых, в большинстве своем оборудование устарело, как физически, так и морально.

В 2010-2014 годах с поддержки АО «Мангистаумунайгаз» собственными силами ТОО «Мангистауэнергомунай» введены в эксплуатацию 4 электроподстанции (ПС) нового поколения, в которую интегрированы системы управления диагностики первичного оборудования, релейных защит (РЗА), противоаварийной автоматики, связи, учета электро-энергии, регистрация аварийных и нормальных режимов работы.

Более в 20 распредпунктах (РП) 6 кВ произведена модернизация путем замены масляных выключателей на вакуумные выключатели и заменены устройства РЗА на микропроцессорные защиты нового поколения.

С ноября 2014 года внедрение системы диспетчерского и технологического управления СДТУ и АСТУЭ на электрических подстанциях 35/6кВ (ПС-35/6кВ) и распределительных устройствах 6кВ (РП-6кВ) I и II этапа, а также строительство здания административно-бытового корпуса оперативно-диспетчерской службы полностью завершены и введены в эксплуатацию, с проведением опытно-промышленного испытания (ОПИ). Было организовано торжественное открытие ОДС, с приглашением гостей.

За короткое время эксплуатация системы диспетчерского и технологического управления и АСТУЭ на электрических подстанциях 35/6кВ (ПС-35/6кВ) и распределительных устройствах 6кВ (РП-6кВ) на м/р Каламкас позволило в реальном времени: непрерывно наблюдать и контролировать текущий режим, а также планировать и прогнозировать режимы сети электроснабжения.

Кроме того, анализ протекания предыдущих аварийных ситуаций (на основе данных регистраторов) выявляло оборудование, которое требует дополнительной профилактики или внепланового ремонта. Уменьшилось время простоя основного производства объектов нефтедобычи, за счет уменьшения времени ликвидации аварий в сетях электроснабжения. Появилась возможность анализа произошедшей аварии для быстрого поиска места повреждения, особенно в кабельных сетях. Осуществляется дистанционное управление силовымивыключателями 35кВ и 6кВ, и отслеживается за состоянием оборудования каждой ячейки на ПС-35/6кВ, РП-6кВ.

В настоящее время количество введенных объектов по I и II этапу с использованием системы ОИК и SCADA по м/р Каламкас составляет 20 объектов, в том числе:

- понизительные электрические подстанций 35/6кВ, в количестве -5 объектов.
- распределительные устройства 6кВ (РП-6кВ), в количестве -14 объектов.
- диспетчерский пункт ОДС ПЭС-1.

**Ш.Каланова**
**ТОО «Мангистауэнергомунай»**




# Улучшения условий труда в ТОО «Ойл Транспорт Корпорейшэн»



ТОО **«Ойл Транспорт Корпорейшэн»** - это крупная транспортная компания на Мангистау, которая работает на рынке Казахстана уже 50 лет.

На сегодня компания предоставляет услуги по перевозке грузов и пассажиров, по транспортно-технологическому обслуживанию месторождений Жетыбай и Каламкас.

Главным заказчиком является АО «Мангистаумунайгаз», а также ТОО «Ойл Транспорт Корпорейшэн» оказывает вышеуказанные услуги компаниям, таким как ТОО «Oil Services Company», ТОО «Oil Construction Company», ТОО «Магистауэнергомунай», ТОО «Мунайтелеком».

В состав ТОО «Ойл Транспорт Корпорейшэн» входят такие подразделения как «Бузачинское Управление Технологического Транспорта» на месторождении Каламкас, «Жетыбайское Управление Технологического Транспорта» на месторождении Жетыбай, «Мангистауское Управление Технологического Транспорта» и «Центральный Ремонтный Цех в п.Ынтымак» и г.Актау.

«Бузачинское Управление Технологического Транспорта» - это одно из основных подразделений в компании ТОО «Ойл Транспорт Корпорейшэн».

В октябре 2014 года одним из приятных событий в истории компании - это передислокация автоколонны № 5 БУТТ в новую арендованную базу ТОО «УТТ и ОС» на месторождении Каламкас, состоящей из 95 ед. самосвалов и 204 водителей, трудящихся вахтовым методом по 10 дней.

**Председатель ОО «Профсоюз работников ТОО Ойл Транспорт Корпорейшэн» :** - в старом гараже условия труда были на низком уровне, здания и боксы для ремонта автотранспортных средств постройки, которой более 20 лет, герметичность зданий отсутствует, в дождливую погоду крыши зданий протекают, в зимнее время боксы продуваются ветрами, в таких антисанитарных условиях работать очень тяжело. С момента переезда в новый гараж водители а/к № 5 работают с повышенным настроением, выполняющих объемы работ заказчика и с радостью возвращаются в новый гараж, оснащенный современным оборудованием по последнему требованию стандарта для транспортного предприятия, асфальтированной территорией и автостоянкой под навесом с подключением подогревателей двигателей внутреннего сгорания, а также имеется три поста автомойки, оборудованной компьютизированной системой (для легковых, грузовых, автобусов, спецтехники и тракторов). В целях повышения технического исправного состояния автотранспортных средств имеется три поста проведения технического обслуживания (ТО-1, ТО-2 и ППР) одновременно на 6 ед. автотранспорта и спецтехники.

В целях механизации производственного процесса и улучшения условий труда в 2014 году в Товариществе приобретены и установлены моечные оборудования «Karcher» (производство Германия) для мойки автотранспорта в транспортных управлениях: «Бузачинское Управление Технологического Транспорта», «Жетыбайское Управление Технологического Транспорта», «Мангистауское Управление Технологического Транспорта.

А также в 2014 году в целях улучшения социально - бытовых условий для трудового коллектива во всех подразделениях выполнены следующие благоустройства: в производственных цехах проделана работа по замене деревянных окон на стеклопакеты в объеме 345м², в «Жетыбайском Управлении Технологического Транспорта» проделана работа по асфальтированию территории гаража площадью 9329 м ² и построена автостоянка на новом месте на м/р Асар размером 100м х 70м для 25ед. автотранспорта с освещением территории и обеспечением водой для системы охлаждения автотранспорта, а также 2-х оборудованных контейнеров (40 ф.) под пост охраны и контролера технического состояния, под раздевалку для работников, работающих вахтовым методом.

Хотелось отметить, что со времен присоединения (сентябрь 2011г.) к АО НК «КазМунайГаз» в Товариществе были приобретены 384 ед. автотранспорта и спецтехники:

в 2012 году – 201 ед.
в 2013 году – 137 ед.
в 2014 году – 46 ед.

На сегодняшний день в ТОО «Ойл Транспорт Корпорейшэн» количество работников составляет 2602 человека. Количество автотранспорта и спецтехники составляет 1158 единицы.

**ТОО «Ойл Транспорт Корпорэйшэн»**

# САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Сайлау қорытындысы - Елбасымыздың сарабдал саясатының нәтижесі. Бұл пікірді 27 сәуір күні Қоғамның акт залында кезектен тыс Президенттік сайлаудың қорытындысына орай ұйымдастырылған жиналыста мәлімдеме жасаған ҚР Президенттігіне кандидат Нұрсұлтан Назарбаевтың сенімді өкілі, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Иманбаев Бақыт Алтайұлы мәлім етті. Оның атап өтуінше, алты мың адамды құрайтын Қоғам қызметкерлері және сервистік компаниялардың барлығы да сайлауға бір адамдай белсене қатысып, өз таңдауларын жасаған. Нәтижесінде Қоғам бойынша дауыс беру көрсеткіші 99,3 пайызды құрап отыр.

«Сайлау қорытындысы Елбасымыздың сарабдал саясатының нәтижесі. Еліміздің сүттей ұйыған бірлігінің арқасы. Біз бүгін ұлтымыздың абыройына айналған Президентімізбен мақтанамыз. Ел бірлігінің осылай қалыптасқандығына қуанамыз», - деді Б.Иманбаев.

Осыдан кейін кәсіподақ ұйымының төрағасы С.Масатов сөз алып, президенттік сайлаудағы ортақ жеңісімізбен шын жүректен құттықтайтынын жеткізді. Өзі еңбек жолын бастаған сонау бір кезеңдерді еске ала отырып, қиыншылықтардан өткен замандар болғанын айтып, ал бүгінгі таңда біз мықты дамыған, бейбіт елге айналғанымызды атап өтті. Сондықтан, біз Қазақстан халқы Елбасымыздың дана саясаткер және мемлекет қайраткері ретіндегі бай тәжірибесін ескере отырып, татулық, тұрақтылық үшін, азаматтардың және бүкіл республиканың бұдан арғы бақуаттылығы үшін Президентімізге алғыстан өзге айтарымыз жоқ деп қорытындылады.





Бұдан әрі Б.Иманбаев сайлауалды шараларда белсенді қызмет еткен үгіт-насихат штабының мүшелеріне зор алғыс білдірді. Жас мамандар кеңесінің құрамын Алғыс хатпен марапаттай отырып, «Тәуелсіз елде туылып, тәуелсіз елде өскен жас ұрпақ, ғасырлар бойы жасалған ерлікті жадыларында ұстауы керек, бұл біз үшін маңызды. Олар кез келген уақытта «Біз қазақстандықпыз, біз тәуелсіз елдің азаматымыз» деп еңсесін көтеріп, батыл да еркін сөйлей білуі қажет. Біздің болашағымыз - жастар» - деді.

Жиын соңында қатысушылар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранын шырқады. Мемлекеттік әнұранды орындау үшін ешқандай музыкалық демеу қолданбаса да өте сәтті шыққан бұл орындау халқымыздың бірлігін тағы да бір паш етті.



# ӘСЕРЛІ КЕШТЕН ҚАЛҒАН ӘДЕМІ ЕСТЕЛІКТЕР...

**Домбырам жүрегіммен үндес едің,**
**Өзіңмен сырласымдай тілдесемін.**
**Бабамнан қалған мұрам сен болмасаң,**
**Өнердің не екенін білмес едім!**



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесі ата-бабамыздың көзіндей болған ұлттық мұрамыз – қара домбыраның қадірін арттыруға бағытталған, ұлттық төл өнерімізді дәріптеу, қаймағы бұзылмаған құндылықтарымыз бен жыр-жауһарларымызды қайта жаңғырту, мұнайшылар арасындағы талантты жастарды таныту мақсатындағы игі шараларды қолға алған болатын. Солардың бірі – сәуір айының 13 жұлдызы күні Қаламқас кенорнында Әнуар Бимағанбет, Нұрлан Мұсаев, Әзім Адай, Ерекен Қорабаев, Нұргул Маулина сынды өлкеміздің танымал тұлғаларының қатысуымен өткен кезекті «Домбыра кеші». Осы кеш барысында арнайы



шақыртылған қонақтармен қатар Қаламқас кенорнының жұмысшылары ауылдың алты ауызы деп өз өнерлерін ортаға салды. Қара домбыраның көмейінен шыққан әсем ән мен тәтті күй - маңғаз даланың тамырына қайта қан жүгіртіп, мұнайшылар қалашығын сән-салтанатқа бөледі. Қара алтынды игеру жолында талай катпақты қыс пен шідерлі ыстыққа тоңып, күнделікті тіршілікпен еңсесі түскен мұнайшылардың рухы тіктелді. Өйткені-күмбірлеп күй төгілді, арқаланып жыр оқылды.

Ақтаудан ат арылтып келген қонақтар да қарап қалмады. Балалар жазушысы, ақын әрі сазгер Ерекен Қорабаев Маңғыстау әзілдерін айтып, ішек-сілемізді қатырды. Одан кейін ортаға шығып өз өнерлерін көрсеткен елге танымал ақындар Әнуар Бимағанбет пен Нұргул Маулинаның отты жырлары және де республикаға танымал айтыскер ақын Нұрлан Мусаевтың сықақ пародиясы мен әзіл әңгімелеріне куана қол соқпаған жан қалмады. Әсерлі кештен әдемі естеліктер қалды.

Кеш соңында «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ басшысы ұлтжанды азамат Н.С Мизанбаев мырза өзі арнайы қатысып, жастардың оң бастамаларына әрқашан қолдау білдіретінін жеткізе келе, бұл үрдістің үзілмейтіндігін әрі қарай да жалғасын табатынын айтып өтті. Және де осы игі шараның өтуі үшін барлық ұжымдық ұйымдастырушылықты қолға алған жас ақындар Еділ Бекмұрат пен Райымбек Түзеловке де мұнайшылардың игі-ілтипаттары мен ризашылықтары өзгеше болды. Ақтау қаласынан Маңғыстаудың кіл мықтыларын жинап, осынау кештің өте әсерлі өтуіне бірден-бір мұрындық болған кісі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ әлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлім бастығы М.С.Гұмароваға жастар да, мұнайшылар да дән риза болды. Жалпы, соңғы кездері Домбыра кешіне қатысушылар саны күн санап көбейіп келеді. Жиі-жиі өткізсек деген ұсыныстар да түсіп жатыр, демек көздеген мақсатымыздың орындалып, біздің «Мәңгілік ел» болып қалыптасуымызға қосқан сүбелі үлесіміздің бір бөлігі орындалғаны еді.

# «БРЕЙН РИНГ» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОЙЫНЫ



16 сәуір күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ акт залында Қазақстан Республикасының кезектен тыс Президент сайлау күніне орай «Сайлау туралы не білесің?» атты «Брейн ринг» интеллектуалды ойыны өткізілді. Алғаш рет ұйымдастырылып отырған бұл ойын әрбір жанның ойлау қабілетін арттыру, сайлау туралы білімін тексеру, білімге деген құштарлығы мен ізденісін оятуға бағытталған шара болды. Аталған ойынға Жетібай, Қаламқас кенорындары және компания әкімшілік аппаратынан 3 команда білім сайысына түсті. Қазақстан Республикасы сайлауы тарихы, сайлау туралы Заңнан білім мен біліктерін таразылаған командалар арасындағы жарыс өте тартысты өтті. Ойынның алғашқы секундтарында Қаламқас пен Жетібай құрамалары өте шапшаңдық танытып, қойылған сұрақтарға мүдірмей жауап беріп отырды. Ребус шешуде компанияның намысын қорғаған «Көшбасшы» тобы логикалық ойлау қабілетінің жылдамдығымен ерекшеленді.

Ойын қорытындысы бойынша «Көшбасшы» тобы 10 ұпай жинап, басқалардан озып шықты. Қаламқас пен Жетібай тобы тең түсіп, 7 ұпайдан алып, Қаламқас тобының ойынға деген ерекше дайындығы ескеріліп, сәйкесінше 2 орын, Жетібай құрамасы 3 орын иелері атанды. Сондай-ақ, ойын барысында асқан белсенділік танытып, білімімен көзге түскен «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының қызметкері Исатаев Бауыржанға «Үздік ойыншы» атағы берілді.

Ойын соңында ұйымдастырушылар барлық қатысқан командаларға ризашылығын білдіріп, бұл бастаманың алда әлі жалғасын тауып, түрлі тақырып аясында, соның ішінде «Қазақ хандығының - 550» жылдығына орай өткізілетіндігін тілге тиек етті.



# «ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАР КӨЗІМЕН»



"Бала - көңілдің гүлі, көздің нұры", "Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар", "Бала тілі балдан тәтті" деп, кейде тіпті балаларымыздың пәктігіне, көңілінің адалдығы мен жүрегінің тазалығына тамсанып, періштеге теңеп жатамыз. Мұндай мақал-мәтелдер тізбегін шексіз жалғастыра беруге болатын секілді.





Өйткені тарихы мыңдаған жылдарға тамыр жайып, мәдениетінің негізі көшпенділік заманында қаланған қазақ халқы әрбір жанды, соның ішінде балаларды "елдің болашағы, ертеңі" деп ерекше бағалаған, бала жақсы сөз айтса, "Періште тілек, әумин" деп бет сипаған.

Осы орайда, 26 сәуірге белгіленген Президент сайлауы карсаңында, "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Жас мамандар кеңесі мен "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ жанынан құрылған ҚР президенті сайлауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі штабы мекеме қызметкерлерінің балалары - періште көңіл балдырғандардың арасында "Менің ата-анамның таңдауы - менің болашағым" деген тақырыпта көркем сурет байқауын өткізді.



Байқауға 4 жас пен 12 жас аралығындағы балалардың салған қырыққа жуық туындысы қатысты. Бірі түрлі-түсті қарындашпен кескіндесе, екіншісі бояумен әрлеп, қиялдарын қағаз бетіне түсіріпті. Байқау корытындысы, жас шамалары бойынша топтарға бөлініп шығарылды:



**6-9 жас аралығындағы топ:**
1-орын Теміржан Бейбіт;
2-орын Жумашев Дархан;
3-орын Аманқос Ырыс;
3-орын Чадыкулова Алина;
3-орын Мейрамжан Жанел.

**10-12 жас аралығындағы топ:**
1-орын Жалауова Мадина;
2-орын Ғали Салихат;
3-орын Мусаев Али;
3-орын Бектұрғанқызы Аян.

Қатысушылардың ешбірі де сыйлықсыз қалмады. Жүлдегерлерге планшет, ұялы телефон сияқты бағалы сыйлыктар табысталса, басқаларына кітап, бояу сынды ынталандыру сыйлықтары табысталды. Сондай-ақ, байқауымыздың ең кішкентай қатысушысы Алпысбай Аян арнайы сыйлық иегері атанды.

Байқау соңында жас өнерпаздар өнерлерін ортаға салып, шағын концерт қойды, балаларға тәтті тағамдар мен сусындар үлестірілді.

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесі**

# САЛАУАТТЫ ҰРПАҚ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ



"Ел боламын десең, бесігіңді түзе" деген данышпан халқым. Ал "бесікті түзеу" ісін салауатты ұрпақ калыптастырудан бастаған абзал болар, өйткені тек дені сау, еңбекке жарамды, сан түрлі қатерлі індеттер мен әдеттерден ада халық қана жарқын болашақтың негізін калай алмақ!

Сол себепті де, ел боламын деген әр бір қаракөз, салауатты өмір салтын насихаттап, оны қалыптастыру ісіне білек түріп кірісуі шарт.

"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ жанындағы Жас мамандар кеңесі де осы қағиданы берік ұстанып келеді. Оның бір дәлелі сәуірдің айдың 20-22 аралығында Жас мамандар кеңесі мен "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ жанынан құрылған ҚР президенті сайлауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі штабтың ҚР президентінің сайлау күніне орай өткізген "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ футзалдан ашық біріншілігі. Үш күнге созылған тартысты додаға "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ қызметкерлерінен құралған "ММГ", "ҚМГ", "ЖМГ", "АУП" жане мердігер компаниялар қызметкерлерінен құралган "АНС" командалары қатысты.

Теңбіл допты мейлінше шебер игерген өнерпаздар намысты қолдан бермеуге тырысып, өзара бақ сынасты.

Қай-қайсысы да жеңімпаз болуға лайықты, салауатты өмір қағидаларын берік ұстанған жігіттер, әдемі ойын көрсетіп, көрермендер көңілін аулай білді.

Сонымен ойын қорытындысы мынадай болды:

I орын - "АНС" командасы;
II орын - "ММГ" командасы;
III орын - "ҚМГ" командасы.

Алғашқы үштікке енген командалар алғыс хаттар мен жеңімпаз кубогынан бөлек сәйкесінше 100 мың, 80 мың, 50 мың теңге көлеміндегі ақшалай сыйлыктарға ие болса, қалған топтарға 15 мың теңгеден ынталандыру сыйлықтары табысталды. Сондай ақ, арнайы номинациялар тағайындалып "ММГ" командасының қақпашысы Сүйіндіков Рафаэльге "Шебер қақпашы", ал "АНС" командасының ойыншысы Төретаев Ғамзатқа "Үздік ойыншы" атақтары мен бағалы сыйлықтар табысталды

**Ғ. Әбдісадық,**
Сапа және жобаларды басқару бөлімінің аудармашысы аудармашысы



# ӘРІПТЕСІМІЗДІҢ ЖЕҢІСІ – БІЗДІҢ ЖЕҢІСІМІЗ!



Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жолдауында «2015 жыл - ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы» деп атап өткен болатын. Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығы және Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай өткізіліп жатқан шаралар көңіл қуантады. Солардың бірі – Маңғыстау облыстық мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Ерліктің арқауы, елдіктің бастауы» атты облыстық ақындар айтысы. Ақшұқыр ауылында өткен дүбірлі жыр додасына Маңғыстаудың түкпір-түкпірінен 12 (он екі) ақын қатысты. Солардың ішінде өзіміздің әріптесіміз - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Тұрғын–үй пайдалану цехының қойма меңгерушісі Райымбек Түзелов те бар. Жыр аламанында сынға түскен әріптесімізге қолдау көрсету үшін Ақшұқыр ауылына барып қайттық.



Орамды ой, кестелі сөзден өрнек салған ақындар 4 сағат бойы айтыс деп асыға жеткен ағайынның айызын қандырып, мерейін бір өсіріп тастады. Тәуелсіздігіміздің торқалы тойынан бастап, жеткен жетістігіміз бен кемшін тұстарымызды жырға арқау еткен айтыста аға мен інінің әдемі қазақы қалжыңдары мен қағытпалары да жиналған жұртшылықты біраз қиқулатып, мәре-сәре қылды.

Сонымен, қазылар алқасының шешімімен Бас бәйгені (400 мың теңге) жаңаөзендік Абай Жолмағанбетов жеңіп алды. Ал екі II орынды (250 мың теңгеден) жаңаөзендік Арғынбек Қалбай пен Түпқарағандық Алтынбек Сүйінбекұлы қанжығасына байласа, III орын (200 000 мың теңгеден) Фархад Мусаев пен Райымбек Түзеловке бұйырды.

Райымбек Түзелов бұдан бұрын да Ақтау қаласы әкімдігінің қолдауымен өткен «Қазақ хандығының-550 жылдығына» орай ұйымдастырылған облыстық ақындар айтысында бас жүлдені жеңіп алса, жеңістің ауылын көп ұзатпай тағы мәрте қанжығамызды майлады. Әріптесімізге тағы да жеңісің құтты болсын дегіміз келеді.

Еліміздегі жетістік пен жетіспеушілікті қатар сөз еткен бұл айтыс жұртшылыққа елдігіміз үшін, ертеңіміз үшін барымызды бағалай білу де керек екендігін ұғындырды.

Жетістік бұл, жеңісі мол қайнар шың,
Жеңіс туы-шаңыраққа байлансын.
Ақындардың додасы бұл дүбірлі,
Маңғыстаудың дәстүріне айналсын! –

дей келе, алдағы уақытта да осындай айтыс аламандары көп бола берсін дейміз.

**Жаннат Кемал**

МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ MANGISTAUMUNAIGAZ
ҚазМұнайГаз CNPC
# Мұнайлы өлке
Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады
"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті
№03-04 (66-67), мамыр, 2015 жыл






Фашистік Германия 1941 жылғы 22 маусымда Кеңестер Одағына опасыздықпен тұтқиылдан шабуыл жасады. 1939 жылдың тамызында Германияның Сыртқы істер министрі Риббентроп Мәскеуге келіп, КСРО Сыртқы істер министрі В.М.Молотовпен келіссөз жүргізіп, бір-біріне соғыс ашпау жөніндегі Шартқа қол қойған болатын.

ВКП(б) Орталық Комитеті мен КСРО Халық комиссарлары Кеңесі 29 маусымда жаумен күресудің директивасын жасады. 30 маусымда Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті құрылып, оны В.И.Сталин басқарды.

3 шілдеде В.И.Сталин радио арқылы халыққа Үндеу жолдады.

1941 жылы 8 тамызда Қызыл Армия ұшқыштары алғаш рет Берлинді бомбалады. Сол ұшқыштар қатарында қазақтың ұлы, маңғыстаулық Біләл Қалиев те болды...

*Жалғасы 4-5 беттерде*

# Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс!